



## Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарын белгілеу туралы

Абай облысы Мақаншы ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 11 қыркүйектегі № 2 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 қыркүйекте № 336-18 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 6 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 2 тармағына сәйкес, Мақаншы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Абай облысы Мақаншы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғанынан кейін Мақаншы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Мақаншы ауданы әкімінің орынбасары О.Соғымбайға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Мақаншы ауданының әкімі*

*Д. Койгельдин*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Мақаншы аудандық аумақтық  
сайлау комиссиясы

Мақаншы ауданы әкімдігінің  
2024 жылғы 11 қыркүйектегі  
№ 2 Қаулысына  
қосымша

## Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
Ақшоқы ауылдық округі	Ә.Найманбаев көшесі № 63 үй "Жеңіс" саябағының жанында орналасқан стенд
Көктал ауылдық округі	Кеңес көшесі № 20 Көктал ауылдық клубы жанында орналасқан стенд

Көктерек ауылдық округі	Б.Момышұлы көшесі № 1 "Айзада" дүкені жанында орналасқан стенд
Қайынды ауылы	Бейбітшілік көшесі № 23 "Сырым" дүкені жанында орналасқан стенд
Қызылбұлақ ауылы	Орталық көшесі № 19 үйдің жанында орналасқан стенд
Бахты ауылдық округі	Қабанбай көшесі № 5 Бахты ауылдық клубы жанында орналасқан стенд
Қаратал ауылдық округі	Жеңіс көшесі № 12 А "Өркен" дүкені жанында орналасқан стенд
Бекет ауылы	Қабанбай көшесі № 2 А "Шапағат" дүкені жанында орналасқан стенд
Бұғыбай ауылы	Қабанбай көшесі № 1 "Бұғыбай атындағы негізгі мектеп" КММ жанында орналасқан стенд
Мақаншы ауылдық округі	Қабанбай мен Ә.Найманбаев көшелерінің қиылысындағы балалар саябағының жанында орналасқан стенд, Қабанбай мен Р.Берікболов көшелерінің қиылысында орналасқан стенд
Қабанбай ауылдық округі	К.Садықұлы көшесі № 7 ауылдық әкімшілік ғимаратының жанында орналасқан стенд, О.Мухамадиев көшесі № 21 ауылдық поштананың жанындағы стенд, Жумаділов көшесі № 1 "Б.Майлин атындағы мектеп-бақшасы" КММ жанында орналасқан стенд
Қаратұма ауылдық округі	Абай көшесі № 69 "Қаратұма орта мектеп-бақша" КММ жанында орналасқан стенд
Келдімұрат ауылдық округі	Б.Ибраев көшесі № 78 ауылдық клубының жанында орналасқан стенд
Қызылжұлдыз ауылы	Набережная көшесі № 25 блок модульді станцияның жанында орналасқан стенд
Қарабұлақ ауылдық округі	Ә.Найманбаев көшесі № 28 үйдің жанында орналасқан стенд, Қабанбай көшесі № 49 А "Мәмет" дүкенінің жанында орналасқан стенд
Барлық-Арасан ауылы	Абай көшесі № 43 "Ғабдуллин атындағы негізгі мектеп" КММ жанында орналасқан стенд
Қарабұта ауылдық округі	Абай көшесі № 12 Қарабұта ауылдық клубы жанында орналасқан стенд